



АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№41 (103) 10 қазан 2025 жыл

● TED X КОНФЕРЕНЦИЯ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлеген «Белсенді ұзақ өмір» Ұлттық жаспарына сай 2018 жылдан бері елімізде аталмыш орталықтар көптеп ашылды. «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының» негізгі мақсаты – егде азаматтардың белсенді өмір салтын ұзартуға мотивациясын қалыптастыру және дамыту, қарт адамдардың бос уақытын тиімді әрі пайдалы өткізу. Осы орайда Еңбекшіқазақ ауданының орталығы Есік қаласындағы «Белсенді ұзақ өмір» орталығының жұмысы жоғары дейгейде ұйымдастырылған.



БЕЛСЕНДІ ӨМІР СҮРУ ОРТАЛЫҒЫ- ҚАРТТАР ҮШІН ТАПТЫРМАС МҮМКІНДІК

Айта кеткен жөн, облыс бойынша алғаш рет 2023 жылы Есік қаласында осы орталық ашылған болатын. Мұнда зейнеткерлердің бос уақыттарын тиімді өткізуіне, сол арқылы денсаулықтарын жақсартуға бағытталған көптеген үйірмелер жұмыс істейді. Айтар болсақ, емдік дене шынықтыру, би, хор, вокал, йога, цигун, акваэробика, гарденотерапия, тредмил, дейби, тоғызқұмалақ, сәндік қолданбалы өнер, скандинавиялық жаяу жүру сияқты үйірмелерге егде жастағы қарттар белсенді қатысады. Сондықтан да Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдармалар бөліміне қарасты облыстық «Белсенді ұзақ өмір» орталығының TED x конференциясы «Белсенді ұзақ өмір орталығының даму перспективасы» тақырыбында Есік қаласында өткізілді.

Конференцияға жиналған қонақтар ең алдымен орталықтың жұмысымен, атап айтқанда, скандинавиялық жаяу жүру үйірмесі мүшелерінің жаттығу жасауымен, би үйірмесінің тамаша биімен танысып шықты. Бұдан соң гарденотерапия жобасы бойынша Бурттың ресми ашылу салтанаты болды. Есіктік зейнеткерлер осы жоба бойынша биогукус өндіруді мықтап қолға алыпты.

Пленарлық мәжіліс Алматы облысы әкімінің орынбасары Нұрлан Ерғалиұлы Әбдірахымның құттықтау сөзімен басталды. Одан кейін Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Айгүл Матанқызы Ахметова сөз тізгінін алып, TED x конференциясының мақсаты

мен мүддесіне қысқаша тоқталды. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдармалар басқармасына қарасты облыстық «Белсенді ұзақ өмір» орталығының директоры Жәния Көпжүрсінқызы Сақтасева жиналғандарды облыстық орталықтың даму перспективаларымен жан-жақты таныстырды. TED x конференциясына арнайы шақырылған ҚР Ұлттық құндылықтар Академиясы төрағасының орынбасары, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры Сараш Сахикқызы Қоңырбаева «Ұлттық құндылықтар тұғырындағы ұрпақтар сабақтастығы», педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры Мұхамедрахим Қыдырбайұлы Құрсабаев «Белсенді ұзақ өмір сүру жағдайында цифрлық маркетинг платформаларын локациялау мүмкіндіктері», ҚР Халықаралық «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты, геронтопсихолог, Rhd профессор Күлмәш Ғалымжанқызы Елшібаева «Орта және егде жастағы адамдардың эмоционалдық күйі мен күйзеліске төзімділігінің динамикасы», С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің профессоры, герантрия ғылымы орталығының гериаторы, инновациялық және профилактикалық медицина институтының маманы Айнуұр Қайыркенқызы Ешманова «Салуатты қартаюдағы геронтологиялық технологиялар», медицина ғылымдарының кандидаты, Rhd медицина магистрі, Еңбекшіқазақ аудандық орталық ауруханасы директорының орын-

басары Гүлмира Байділдәқызы Отынбекова «Деменция, алысгеймер сырқаттарына байланысты профилактикалық жұмыстар» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашылар бүгінгі таңдағы өзекті тақырыптарды қозғап, зейнеткерлер үшін цифрлық маркетинг платформаларын локациялау мүмкіндіктері, егде жастағы адамдардың белсенділігін арттыру, денсаулығын жақсарту, өмірін ұзарту, созылмалы және жұқпалы ауруларға қарсы иммунитетті көтеру, қазір жиі кездесетін деменция, алысгеймер сияқты сырқаттарға қарсы профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру сияқты мәселелерді тереңінен талқылады.

Осыдан кейін белсенді ұзақ өмір сүруге қатысы бар мекемелер арасында меморандумдарға қол қою рәсімі болды. Түстен кейін ой-пікір алаңында ҚХА жанындағы Алматы облыстық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Амангелді Дәнібекұлы Беспәев, Алматы облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Ілияс Сейтбекұлы Сүгіров, ҚХА жанындағы Алматы облыстық Аналар кеңесінің төрайымы Гүлнар Сағатқызы Жошыбаева жастар тәрбиесіндегі әкелер мен аналардың рөлі, белсенді ұзақ өмір орталықтарының жұмысын үйлестіру, әкелер мектебінің жұмысын жандандыру тақырыптары бойынша пікір таластырып, өз ойларын ортаға салды.

Конференция соңында аудандардағы алдыңғы қатардағы «Белсенді ұзақ өмір» орталықтарының жетекшілері марапатталып, резолюция қабылданды. Конференция барысында «Белсенді ұзақ өмір» орталықтарының егде жастағы адамдар үшін таптырмалар мүмкіндік екендігі тағы бір мәрте дәлелденді.

Роза АЙДАРБЕКОВА.

● ҚАМҚОРЛЫҚ

ҚАРИЯЛАР РИЗА БОЛДЫ



Ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуын игілікті дұрыс қадам деп есептейміз. Оның да себебі жоқ емес. Мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбіт тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз.

Соларға жасалған қамқорлықтың бірі-елімізде қарттар күні ресми түрде мереке аталып, арнайы аталып өтілуі. Бұл мереке-Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің төл мерекесі. Олардың өмір жолдары-бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.

Қарттарды құрметтемейтін, олардың алдындағы перзенттік парызын үлкен ынтамен орындамайтын, әдептілік, кішіпейілділік, сергек сезімталдық көрсетпейтін, бұл қасиеттер қанына сіңіп, жүрегіне ұяламаған ұрпақтан не опа, не қайыр?! Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі.

Биыл 1 қазан қарттар мерекесіне байланысты Алатау қаласының әкімшілігі, мәслихат депутаттары, «Ардагерлер» мен «Асыл ана» қоғамдық ұйымдары бірлесіп, Алатау қаласының, сонымен қатар 12 ықшам ауданның қарияларын төл мерекелерімен құттықтап, азық-түлікпен қамтамасыз етті.

Бүгінгі билік тарапынан болған қамқорлық пен құрметке риза болған қариялар алғыстарын айтып, баталарын берді.

Р.САНАҚҚЫЗЫ,

Алатау қалалық қоғамдық кеңестің төрайымы.

ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ

Ұйғыр ауданы

Қазан айының алғашқы күндері аудан әкімшілігінің ұйымдастыруымен Шонжы ауылындағы «Бәйтерек» мейманханасында ардагер-зейнеткерлердің басқосуы өтті.

Басқосуды аудан әкімінің орынбасары Е.Толымбекұлы ашып, жиналғандарды қарттар күнімен құттықтап, аудан әкімінің сәлемін жеткізді. Жиналған қарттардың арасынан ауданымызға кезінде қызмет жасаған, облыс көлемінде танымал азаматтардан Ы.Бектұрсынов, Қ.Мереймов, Қ.Рахимберлинова, З.Джалалова, М.Құдайбергенов, Н.Дауренбеков, Ш.Нурумов, тағы басқалары шығып, сөз алып осы шараны ұйымдастырып отырған аудан әкімшілігіне, оның бөлімдеріне рахметтерін айтты. Басқосуды аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсейітов пен аудан әкімінің орынбасары Е.Толымбекұлы қорытындылады. Басқосу барысында аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздарының әндерін тындап, қуанышқа бөленді.

Қарттар күніне арналған салтанатты жианалыстан бір күн бұрын Ұйғыр аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсейітов, алқа мүшесі Р.Сартолова, Шонжы ауылында тұрып жатқан Абиров Талипхан, Гаппарова Рукия, Дараева Зинат, Қожаканова Клара, Розахунова Хиличиям сынды жастары 90 - ды алқымдаған ақсақал мен аналарымызды құттықтап, облыстық ардагерлер ұйымынан келген қаржылай сыйлықты тапсырып, сый-сияпат жасап қайтқан болатын..

Қарасай ауданы

Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай Қарасай ауданының бастауыш ардагерлер ұйымының төрағалары қала, ауылдық округтерде “Қарттарын қадірлеген ел ардақты” атпен егде жастағы азаматтарды төл мерекелерімен құттықтады.

Соның бірі. Ұлы Отан соғысы ардагерінің жесірі, 99 жасқа келген Құлбаева Құндызай Сартайқызы апайдың және 85 жасқа келсе де белсенділік танытып, қатарда жүрген Гүлжан Тілеуліқызының үйлеріне барып, мерекелерімен құттықтап, әңгімелерін тындап, зор денсаулық тілеп қайтты.

Қаскелең қаласының орталығында орналасқан «Достық» мейманханасында. халықаралық қарттар күніне орай 80 қарт аталарымыз бен әжелерімізге дастархан жайылды. Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы С.Мәсімақынов дастарханға бата беріп, еліміз бен жеріміздің амандығын тілеп, асқа келген қарттарға ризашылығын білдіріп, денсаулық тіледі. Сонымен бірге, ол қала әкімі Асқар Мұқашовқа халықтың атынан осындай қайырымдылық түскі асты ұйымдастырғаны үшін ризашылығын білдірді.

Шара барысында «Үшқоңыр» ансамблінің күшімен мерекелік концерт қойылды .

Іле ауданы

Іле ауданында қарттар күні мерекесіне орай бірқатар шаралар өткізілді.

Атап айтқанда, Боралдай ауылдық округінде 50 қарияға мерекелік дастархан жайылды. Сол сияқты Ақсай ауылдық округінде осындай шараға 90 адам қамтылды, 16 мұқтаж қарияға азық-түлік пакеттері берілді. Өтеген батыр кеңтінде 60 адамға арнап дастархан ұйымдастырылса, Байкент ауылында 65 қарияға құрмет көрсетілді.

Қарай ауылдық округінде 40 қарияға арналған дастархан жайылып, 43 азық-түлік пакеті таратылды. Күрт ауылдық округінде 90 адам қамтылды;

Байсерке ауылдық округінде 67 пакет әлеуметтік көмек берілді. Саудабай қарттар үйіне арнайы қаптармен азық-түлік жеткізілді. Ащыбұлақ ауылдық округінде 75 адамға дастархан жайылып, 41 пакет таратылды. А. Токпанов ауылдық округінде 120 қария қамтылды.

Бұл іс-шаралар қарттарымызға деген құрмет пен қамқорлықтың нақты көрінісі болды. Жылы жүзбен қарсы алып, дастархан басында әңгіме-дүкен құру – қариялар үшін үлкен қуаныш пен рухани қолдау.

Қарттар күні – тек мереке ғана емес, аға буынға деген алғыс пен ізеттің, елдік бірліктің көрінісі.

Райымбек ауданы

Қарттар күніне орай аудандық мәдениет үйінде салтанатты жиын өтті. Бұл мереке – саналы ғұмырын елдің дамуына арнап, қоғамға өлшеусіз үлес қосқан ардақты қарияларға құрмет көрсетуге бағытталған айтулы күн.

Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Жақсылық Жанарбек Жантөреұлы мен аудандық мәслихат төрағасы Мүсірбаев Самат Сартаубайұлы қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Олар қарияларымызға денсаулық, амандық-саулық тілеп, еліміздің өсіп-өркендеуіндегі еңбектерін ерекше атап өтті.

Жиын барысында белсенді ақсақалдарға аудан әкімдігінің атынан Алғыс хаттар мен сый-сияпаттар табысталды.

Салтанатты шара әрі қарай әсерлі концерттік бағдарламаға ұласты. Әсіресе көрерменнің көңілінен шыққан «Алтын қазына» әжелер ансамблінің өнері жиналған жұртшылыққа ерекше сый-құрмет пен қуаныш сыйлады.

Сол сияқты Райымбек аудандық жастар ресурстық орталығында қарттар күніне орай қазыналы қарттарымызға арналған тағылымды шара өтті. Бұл басқосу өнегелі өмір жолын кейінгі ұрпаққа үлгі етіп, қадірлі қарияларымызға құрмет көрсетуге арналды. Игі шара барысында ардақты аталарымыз бен аналарымыздың өмір жолы жастарға өнеге болып, жүрекке жылу сыйлады.

«Қарттарын қадірлеген ел – қазыналы ел» деген аталы сөздің мәні осындай құрметті кездесулерде айқын көрініс табады.

● МЕРЕЙ БИІГІНДЕ

Туған ауылының өсіп-өркендеуіне, гүлденіп-көркеюіне сол жердің перзенті ретінде қарапайым еңбегімен өлшеусіз үлес қосып, парызын адал ақтарып жүрген азаматтардың бірі-Ынтымақ ауылының тұрғыны, «Әлмерек» шаруа қожалығының басшысы Абай Айтақынұлы Башкеев. Осы ауылда туып-өскен ол- нағыз еңбек адамы.

Еңбек... Иә, еңбек. Қазаққа етене, қалыпты ұғым болғанымен осы сөздің мәні бөлек. Еңбек-елдің де, ердің де атын шығаратын, болашақтың іргетасын қалайтын құндылық. Еңбек адамының қоғамда қашан да орны ерекше, абыройы биік десе, осы сөз кейіпкеріміз Абайға жарасады. Дей тұрғанмен ананың ақ сүтімен дарыған кие, атаның қанымен сіңген қасиет адамның өмір жолында адал еңбектен өсуіне ықпал етері сөзсіз.

Әкесі Айтақын мен анасы Күлиман «Қазақстанның 40 жылдығы» ұжымшарының отымен кіріп, күлімен шыққан еңбекқор,бейнетқор жандар болған екен. Елдің шетінде, жердің өтінде жүріп, қой бағып, ұжымшардың маңдай алды шопандарының бірі болған олар балаларын да ерте жастан еңбекқорлыққа баулай білген. Анасы 14 құрсақ көтеріп, «Алтын алқалы» ана болса да, жолдасының бір жағына шығысып, төл алу, жүн қырку сияқты жұмыстарды қиналмай атқара береді екен. Жетінші бала болып дүниеге келген Абай бұғанасы қатпай еңбекке араласып, алғыр, пысық бала болып өсіпті. Мектеп табалдырығын аттамай жатып алты жасынан әкесіне қой қайырысып, қозыларды көгендеп көмек көрсететін. Кейіннен бастауыш сыныпта оқып жүргенде жаз айларында әкесіне көмектесе жүріп, таудан шипалы өсімдіктер мен мумие жинауды әдетке айналдырып алды. Бос уақыттарында сурет салумен айналысатын.

Жаңадәуірдегі мектепті үздік аяқтап, 1983-1985 жылдар аралығында әскери борышын абыроймен өтеп келді. Содан соң Алматы құрылыс техникумына оқуға түсіп, құрылысшы мамандығын алып шықты.

Еңбек жолын ата-анасы еңбек еткен «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы ұжымшардағы құрылыс бригадасында жұмысшы болып

бастады.Үлкендердің айтқанын бұлжытпай орындайтын, ауыр жұмыстарды тыңғылықты тындыратын қағылез жігіт жаңа ортаға тез бейімделді. Ұжымшарда құрылыс жұмыстары бірінен соң бірі үздіксіз жалғасып жатады. Көктемде, жазда күзде, қыстаудағы үйлерді, мал қораларын, сиыр фермаларының құрылысын салып, ескіргендерін жөндеуден өткізсе, қыста ағаш шеберханасында жұмыс істейді. Осылайша ол еңбекке төселіп, шынығып, шындалды. Біртіндеп, еңбек сатыларымен жоғары көтерілді. 1990-1995 жылдар аралығында прораб қызметін атқарды.

1996 жылы ұжымшар басшылары жауапкершілігі жоғары, уәдесіне берік, жұмысына тыңғылықты Абай Айтақынұлын ағаш өңдеу цехы бастығының орынбасары етіп тағайындады. Кейіннен ұжымшар тарап кеткенше осы цехты абыроймен басқарды. 1990 жылдардың бас кезінде нарықтық экономика



өмірімізге дендеп енгенде ұжымшар еңбеккерлерінің көбі жұмыссыз қалып, қалай күн көрерлерін білмей абдырап қалғанда қиындықтан қорықпайтын әрі кез-келген жағдайға тез бейімделетін Абай ағаш өңдеу цехының жұмысын

тоқтатпады. Қарамағындағы жұмысшыларының да жағдайын жасай білді. Ұжымшардан бұрынғыдай қолдау болмаса да шамасының жеткенінше цехты ұстап тұрды. Қайткенде де қарамағындағыларды жұмыссыз қалдырмас үшін өкіметтен несие алып, цехты жекешелендірді.

2000 жылы «Әлмерек» шаруа қожалығын құрып, егіншілікпен айналысып, қосымша жұмыс орнын ашты. Қант қызылшасын егіп, оны

зауытқа өткізуді қолға алды. Біраз жылдан бері соған қоса жеміс ағаштарын өсіре бастады. Алманың, алқорының, өріктің, шшенің неше түрін өсіріп, табысын еселей түсуде. Алайда, білген адамға оның өз қиыншылығы бар. Табиғи

құбылыстарға немесе басқа да жағдайларға байланысты жоспарланған өнімін ала алмай қалған кездері аз болған жоқ. Ауа райы қолайсыз болса екен өнімнің шықпай қалады, мамыр айында үсік жүрсе шиес, өрік, алқоры жеміс бермейді. Алманың да күтімі бөлек. Жалпы алғанда жеміс ағаштарына ерінбей-жалықпай жыл бойы күтім жасау керек. Сондықтан да Абай Айтақынұлы осылайша қысы-жазы маңдай терін төгіп, табан етін сөгіп, күннің ыстығына күйіп, суығына тоңып еңбек етеді. «Еңбегіне қарай өнбегі» демекші, адал еңбегінің арқасында табысын еселеп, отбасының барлық жағдайын жасап отыр. Отбасынан артылса түрлі қайырымдылық шараларына қатысып, көмекке зәру жандарға жәрдем жасайды. Жаңадәуір ауылына үлкен мешіт салып берді. «Мектепке жол» акциясына белсене араласады. Ынтымақ, Жаңадәуір ауылдарындағы мектеп оқушыларына киім-кешек, оқу құралдарын жыл сайын сатып алып беріп тұрады. Оның қайырымдылығы мен мейірімділігі бауырларына да жетеді. Бауырлары Мергенбай, Батырбек, Мырзабек, Сейсенбек, Исабек, әпкесі Мекентай, қарындастары Сәуле, Жазира еңбекқор Абайды сыйлап, құрмет тұтады. Жалпы Башкеевтар әулеті өте ұйымшыл.

Өңгіменің бір реті келгенде Абай Айтақынұлы анасы Күлиманды тебірене есіне алды. -Анам Күли-

ман 44 жасында көп баламен жесір қалды. Әкем қайтыс болғанда мен 22 жаста едім, көп нәрсені түсінген жоқпын. Анам мен үшін шеше де, әке де болды. Қанша қиыншылық көрсе де сағын сындырмай, еңсесін түсірмей балаларының барлығын тәрбиелеп, оқытып, қатарға қосты. Барлығымыздың жоғары білім алуымызға жағдай жасады. Көзі жұмылғанша бар баласын аялап өтті. Анам мен кішкентай кезімде жинаған мумиені сақтап қойған екен. Осыдан 10 жыл бұрын байқаусызда құлап, аяғымды сындырып алғанда 81 жастағы анам келіндеріне сенбей өзі келіп, сол мумиemen емдеп жазды. Сонда 50 жасқа толған мені жас баладай мәпелегені жанымды толқытқаны әлі есімде. Құдайға шүкір балаларының қызығын көріп, немере, шөбере сүйді. Дей тұрғанмен 88 жасында дүниеден өткен анамды әлі сағынамын.

Абай Айтақынұлы бақытын еңбектен тапқан түздің адамы болса, сүйіп қосылған жары Камиля-үйдің берекесін кіргізіп, ырысын арттырып отырған аяулы ана. Кеңес заманында сауда саласында жұмыс істеген Камиля бүгінде шаруашылықтың есеп-қисабын жүргізеді. Жолдасы Абай екеуі төрт баланы тәрбиелеп қатарға қосты. Қыздары Бағлан мен Айзада, ұлдары Еламан мен Темірлан-жоғары білімді азаматтар. Барлығының жоғары білімі бар, мамандықтары бойынша еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосып жүр. Аман атты немересі мен Талшын, Айсұлтан, Айтан, Айриза сияқты жиендері- олардың көз қуаныштары.

Өзінің қарапайым еңбегімен алпыс атты асуды бағындырған Абай Айтақынұлы- бүгінде бір отбасының тірегі, ауылының ардақтысы, ағайынның құрметтісі. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп,шағын ғана шаруасының шырайын кіргізіп, шаңырағын арайландырып отырған қарапайым азаматтың мерейтойы құтты болсын демекпіз.

Роза АЙДАРБЕКОВА.

● АЛЫСТАН КЕЛГЕН АҒАЙЫНҒА КӨМЕК

Тіл – қандастар арасын жалғайтын алтын көпір

Жыл басынан бері облыс бойынша 1494 адамға қандас мәртебесі берілді. Қандастардың әлеуметтік бейімделу мен табысты интеграциясын қамтамасыз ету мақсатында оларды мемлекеттік тілге оқыту, кәсіптік дағдыларын жетілдіру және еліміздің заңнамалық негіздерімен таныстыру ерекше маңызды.

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев қоныс аударған қандастарға мемлекеттік тілді оқыту және бейімдеу шараларын тиімді ұйымдастыру жөнінде нақты тапсырмалар берді. Осыған орай облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының аудандық және қалалық филиалдарында мемлекеттік тілді оқытумен қатар «Бір терезе» қағидаты негізінде әлеуметтік көмек алу, кәсіптік дағдыларын жетілдіру, құқықтық сауаттылығын арттыру бағыттары

бойынша да кешенді жұмыстар жүргізілуде. Халыққа қызмет көрсету, еңбек мобильдігі орталықтары, жұмыспен қамту, кәсіпкерлік, мансап орталығы, «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы, ауыл шаруашылығы, көші-қон, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жер қатынастары бөлімдері секілді құзырлы органдар бірлесе әрекет етеді.

Облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының Қарасай аудандық филиалында

қандастарға арналған арнайы топтар ашылып, жүйелі тіл сабақтары өтуде. Қазіргі таңда филиалда екінші жартыжылдық бойынша қандас бауырлардан іс жүргізу курсы бойынша 30 адам, 2 топ құрылып, тыңдаушылар тұрақты түрде білім алуда. Оқу мерзімі - 3 ай.

Жобаның негізгі мақсаты - қандастардың мемлекеттік тілді еркін меңгеруіне жағдай жасау, сөйлеу, түсіну, жазу және тыңдау дағдыларын дамыту. Бұл тек тіл үйрету ғана емес, сонымен бірге олардың мәдениетіміз, дәстүріміз, тарихымызбен жақын танысуына мүмкіндік береді. Сабақта тыңдаушылар қазақ тіліндегі тұрмыстық қарым-қатынас үлгілерін меңгеріп, күнделікті өмірде қолдана алатындай деңгейге жетуді көздейді. Оқыту процесі заманауи әдістемелермен, көрнекі құралдармен және интерактивті тәсілдермен жүргізіледі. Әр топ апта сайын онлайн форматта жиналып, ауызекі сөйлесуді жаттықтырады, тақырыптық мәтіндермен жұмыс істейді, ұлттық мерекелер мен дәстүрлерді таныстыратын іс-шараларға қатысады. Мұндай сабақтарда тек тіл ғана емес, қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық тағамдары, тарихы мен өнері жайлы да мол мағлұмат беріледі. Қандастар сабақтарға зор қызығушылықпен қатысып, үй тапсырмаларын да тиянақты орындауға тырысып жүр.

Қазіргі таңда қандастармен «Қандастарды мемлекеттік тілге оқыту және мемлекеттік мүмкіндіктерімен таныстыру мақсатында «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы және мансап, көші-қон, халыққа қызмет көрсету орталығы мамандарымен қандастардың



мемлекеттік тілді меңгеруіне қолдау көрсету, оларға арналған мемлекеттік және қоғамдық бағдарламаларды түсіндіру және жеңілдіктерін айту, мемлекеттік құжаттардың мерзімі, толтырылуы туралы ақпарат беру, әлеуметтік және құқықтық, тілдік тұрғыда бағдар беру мақсатында іс-шаралар өтті.

Қазақстанда ресми құжат айналымы, бұқаралық ақпарат құралдары, білім беру және іс жүргізу жүйесі кирилл графикасында қалыптасқан. Сондықтан бұл әліпбиді үйрену қандастардың күнделікті өмірге тез бейімделуіне септігін тигізеді. Мұндай игі бастама - ел бірлігін нығайтып, болашағымыздың берік болуына қызмет ететін қадамдар.

Жанар ОРАЗАЛИЕВА,
Алматы облыстық
«Тіл» оқу-әдістемелік орталығы
Қарасай аудандық филиалының
менгерушісі.



● ФОРУМ

Азаматтық сектор тек бақылаушы емес, бастамашыл әріптеске айналуы тиіс

Қонаев қаласында жергілікті үкіметтік емес ұйымдардың мемлекетті басқару ісіне қатысуына арналған облыстық азаматтық форумы болып өтті. Іс-шараға министрлік өкілдері, Азаматтық альянс, қоғамдық кеңестер, саяси партиялар, кәсіподақтар мен үкіметтік емес ұйымдардың төрағалары және Атырау, Қызылорда, Түркістан, Павлодар, Жамбыл, Абай, Жетісу облыстары мен Алматы қаласынан 100-ден астам делегат қатысты. Форумның басты ерекшелігі пікірталас аландарының заманауи форматта ұйымдастырылуы болды. Бұл қатысушыларға тәжірибе алмасып қана қоймай, жаңа серіктестік байланыстар орнатуға мүмкіндік берді.

Форумның ашылу салтанатында алғашқы сөз Алматы облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Әсел Жалғасбаеваға берілді.

– Біздің облыста жұмыс істеп жатқан шағын үкіметтік емес ұйымдардың қызметін ерекше атап өткім келеді. Олар – жергілікті жердегі әлеуметтік мәселелерді дер кезінде көтеріп, шешімдерін ұсынатын белсенді күш. Азаматтық сектор тек бақылаушы емес, бастамашыл әріптеске айналуы тиіс. Ауылдық деңгейдегі бастамалардан облыстық деңгейдегі ірі жобаларға дейін проактивті мәдениетті қалыптастыруымыз қажет. Сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асатын жобаларға қоғамдық бақылау орнату сапаны арттыруға, тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік жасайды. Қазіргі уақытта талқыланып жатқан «Үкіметтік емес ұйымдар туралы» Заң жобасы – еліміздегі үшінші сектордың одан әрі дамуына жол ашатын маңызды қадам. Бұл заң азаматтық қоғамның құқықтарын нақтылай отырып, мемлекеттің серіктесі ретінде-

гі рөлін арттырады, – деді Әсел Мұратқызы.

Панельдік сессиялар аясында азаматтық қатысудың жаңа формалары, ауылдық өңірлердегі әлеуметтік бастамалар, жастар мен әйелдердің басқару ісіне араласуы, сондай-ақ ашық үкімет қағидаттарын ілгерілету мәселелері қарастырылды.

Облыстық Азаматтық Альянсы заңды тұлғалар қауымдастығы нысанындағы бірлестігінің президенті Қазыбек Дәуітәлиев форумның бағдарламасымен таныстырғаннан кейін екі панельдік сессия өткізілді. «Үкіметтік емес ұйымдар туралы заңнама жүйесі және жергілікті қоғамдастықтардың шешім қабылдау процесіне қатысуы» және «Азаматтық қоғам институттарының дамуы – өңірдің игілігі» атты панельдік сессияларда бірқатар өзекті мәселе талқыланды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қауымдастық құру және тағы басқа тақырыптар жайлы сөз қозғалды. Сонымен бірге ҰЕҰ-дар мемлекеттен тікелей қаржыландырылмайтыны, гранттар мен әлеуметтік тапсырыс аясында қалай маңызды

жобаларға қатысуға болатыны кеңінен түсіндірілді.

Спикердің бірі, облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы директорының экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары Жанна Қырғызалықызы қоғамдық институттармен ықпалдастық бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде хабардар етті. Айтуынша, кәсіпкерлер палатасы «Инвестициялық интерактивті карта» ақпараттық жүйесіндегі мәліметтерді жаңарту бойынша жұмысты күшейтіп, әрбір жоба бойынша деректерді нақтылау және қолдаудың тиімділігін бағалау жұмысын жүргізіп, инвестициялық ақпараттың сенімділігін арттыратұсымен.

– Алатау қаласы құрылғаннан кейін кәсіпкерлердің жер телімін, тұрғын үйін, кәсіпорындарын тіркей алмай отырғаны. Жаңа шаһардың Бас жоспарына сәйкес қалада кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру үшін жер телімдерін беру қарастырылмаған. Көптеген кәсіпкер осындай жағдайға тап болуда. Сонымен қатар кең таралған пайдалы қазбаларды өндіретін басқа да карьерлердің одан әрі қызметін рет-

теу мәселесі бар. Былтыр Алатау қаласын дамытудың Бас жоспары бекітілгенде жеке меншіктегі жер телімдерінің көбі «резервтегі аумақтарға» өтіп кеткен,-деген Жанна Қырғызалықызы «Бір ауыл – бір өнім» жобасы, іскер әйелдердің жұмысын насихаттау, модульдік ғимараттарда өндіріс орнын ашып, жазасын өтеушілерді жұмысқа орналастыру және олардың арасында кәсіпкерлікпен айналысуға ынталы азаматтарды бизнеске тарту бағытында атқарылған жұмыстар жайын баяндады.

Панельдік сессиялар аяқталғаннан кейін форумға қатысушылар «Тұлпар» ретросалонның тамашалап, Қапшағай су қоймасына саяхат жасаған соң пленарлық жиында қайтадан бас қосты. Мінберге шыққан облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев бұл басқосудың азаматтық қоғамның дамуына серпін беретінін, мемлекеттің болашағына бағытталған аса маңызды алаң екенін айта келіп, сессияларда ортаға салынған өзекті ұсыныстарды жүзеге асыру бойынша нақты шаралар қабылданатындығына тоқталды.

– Былтыр мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 952,2 млн теңгеге 75 жоба жүзеге асса, биыл 1,1 млрд теңгеге 82 жоба іске асырылуда. Бұл жобалар халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын қолдауға, жастар бастамаларын дамытуға, азаматтардың құқықтарын қорғауға, экология мен денсаулық сақтауға, қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтуға бағытталған. Елімізде азаматтық қоғамды қолдау мақсатында «Адал азамат», «Таза Қазақстан», «Заң және

тәртіп», «Жаңа Қазақстан - әділетті қоғам» сияқты ұлттық жобалар қолға алынған.

Мемлекет басшысының соңғы Жолдауында көтерілген аса маңызды мәселенің бірі – жасанды интеллект жүйесін жаппай қолдану. Жаңа технологияларды дұрыс түсіндіру, оны жергілікті қоғамға жеткізу ісінде үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің рөлі ерекше болмақ. Сіздердің белсенді ұстанымдарыңыз бен тың идеяларыңыз – қоғамымызды жаңғыртып, елдің дамуына жол ашады, – деді Марат Елеусізұлы.

Одан кейін сөз алған Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті төрағасының орынбасары Елдар Сапаров «Үкіметтік емес ұйымдар туралы» Заңның қоғамда кең ауқымды талқылау арқылы қабылданатынына тоқталды. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева өзі жетекшілік ететін қор тарапынан қандай жобалардың іске асырылып жатқандығын кеңінен әңгімелеп берді. Форум жайлы ой бөліскен Қазақстанның Азаматтық Альянсының президенті Бану Нұрғазиева елімізде тіркелген үкіметтік емес ұйымдардың көпшілігінің құрамын егде жастағылардың құрайтынын еске салып, осы салаға жастарды тарту жайлы ұсыныс айтты.

Форум соңында өңірдің әлеуметтік дамуына елеулі үлес қосқан азаматтық қоғам белсенділері Алғыс хаттармен марапатталды.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.
Қонаев қаласы.

● СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО

«ДЕНЬ ПОЛЯ»

На днях в Алматинской области состоялся ставший уже традиционным «День поля». Он прошел на полях известного в регионе крестьянского хозяйства «Кошалко», базирующегося на территории Караойского сельского округа, Илийского района, а ныне вошедшего в состав города будущего – Алатау.

Организаторы мероприятия – отечественная компания «Manai Agro» из Северного Казахстана, представленная на рынке 10 лет, со специализацией – поставки гербицидов, пестицидов, других средств химической, биологической защиты растений и реализацией высококачественных семян сельскохозяйственных культур. Второй участник семинара – старейшая компания из Франции, основанная фермерами в долине Лимань в 1965 году. Ныне компания Limagrain Group – это международный кооператив имеющий 57 филиалов по всему миру, продающий семена кукурузы, пшеницы, бобовых и овощных культур в более чем 150 странах Европы, Северной Америки и СНГ, в Китае и Турции.

Михаил Кошалко, глава одноименного хозяйства, приветствовал всех прибывших коллег, агрономов, селекционеров, проинформировав, что работает с партнерами уже 10 лет и готов показать результаты этого сотрудничества на своих опытных полях.

Более 100 представителей крестьянских хозяйств из Алматинской, Жетысуйской, Жамбылской, Туркестанской областей приняли участие на мероприятии, ознакомились с демонстрационными посевами гибридов кукурузы, обсудили лучшие технологии защиты и питания растений, выслушали экспертное мнение специалистов.



С докладами «Портфель гибридов кукурузы компании «Лимагрин»: решение для каждого хозяйства» выступил менеджер по развитию продукта данной компании Геннадий Разумков. О «Рентабельности полевых культур юга Казахстана» говорил председатель Союза полеводов Казахстана Виктор Асланов.

Семинар кукурузоводов юга Казахстана прошел в дружественной обстановке, с организацией фуршета и горячих обедов. Гостям также вручили сувенирные продукты брендов-инициаторов. Общим было одно пожелание: встречаться почаще! Во благо развития сельского хозяйства Казахстана!

Недельку спустя, выждав сроки созревания поздней культуры, я побывал на тех самых демонстрационных полях, чтобы увидеть воочию уже сам процесс уборки. Но вначале небольшой экскурс в историю. Михаила Станиславовича Кошалко знаю много лет и могу заверить: профи высочайшего класса! И когда скептики иной раз говорят, что хозяйства у нас в упадке, вспоминая времена советских колхозов, я могу смело им посоветовать: Езжайте в село Косозен!

Наш собеседник много лет занимается земледелием, за почти два десятка лет довел все процессы полеводства, орошения, селекции и механизации процессов до совершенства. А уж если писать о нем как о человеке, руководителе, меценате, депутате маслихата нескольких созывов, то и газетной полосы будет мало.

АГРОТЕХНИКА ПЛЮС НАУКА

Но вернемся в поле. Издали, за высоким массивом посева, видно только крышу с частью кабины и бункера комбайна. Вот такой гигантской вымахала нынче кукуруза! Даже передовая немецкая техника семейства Class, притормаживала, с трудом перемалывая зрелые початки и пожелтевшие стебли.

засушливой зоне земледелия. В этом году, например, было 3 ранних сорта и один поздний. На следующий год думаю посеять два ранних и два поздних, чтобы сбалансировать сроки созревания культуры и уборки – продолжал Михаил Станиславович.

По сдаче зерна проблем особых нет, в осенний пе-



риод недовольство аграриев вызывает только ценовая политика. Закупщики кукурузы (корпорации, заводы, птицефермы) предлагают максимально низкие цены, а фермеры, с растущей дороговиной на все, хотят, понятно, максимально высокие цены. Если нет своих складов, то вынужден

будешь продать зерно дешевле. Этот год был очень засушливым. За 4 месяца не выпало ни капли нормального дождя. Благо с канальным поливом не было никаких проблем.

Также важно отметить, что хозяйство «Кошалко» за последние три года закупило 5 новых китайских тракторов.



в собственных складах.

Еще одна «фишка» крестьянского хозяйства – комплексность и четкость. Все делается одновременно. Вначале – уборка, следом на скошенное поле заходит трактор с дисковым лущильником, срезающим и загоняющим в почву остатки стеблей, листьев, початок и корней. На один гектар таким образом вносится 30 тонн сухостоя, то есть пожнивных остатков.

Ну и следующий, совсем забытый ныне у полеводов агроприем, внесение органических удобрений. Делается это с помощью колесных тракторов с роторными разбрасывателями. Таким образом и стерня, и навоз за зиму, сгнивая, повышают гумус земли. Добавьте сюда работу с минеральными удобрениями, средствами защиты растений, высококлассными гибридами кукурузы, сотрудничества с наукой, соблюдение агротехники, своевременный полив. Как говорится, это и есть слагаемые многолетнего успеха!

Рамазан ЕЛЕШЕВ.
с.Косозен.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ҚҰРМЕТТІ
АБАУ
АЙТАҚЫНҰЛЫ!



Сіз 60 атты асқаралы асуды бағындырып отырсыз. Өзіңіздің қарапайым мінезіңізбен, адал еңбегіңізбен елдің құрметіне бөленіп, ауыл ардақтысы болдыңыз! Сізді туған күніңізбен құттықтай отырып, өмірдің бар жақсылығын тілейміз! Деніңіз сау, отбасыңыз аман болып, мол табысқа жетіңіз! Жақсылық жақсылық жалғасып, қуанышқа қуаныш ұлассын!

Құдалар

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

ФОРТИФИКАЦИЯЛАУ

Ұнды Қазақстанда фортификациялау халықтың денсаулығы мен еліміздің экономикасын нығайтуға мүмкіндік береді. Фортификация-дегеніміз не? Ол ұнды тарту кезінде аз мөлшерде дәрумендер мен минералды (премикс деп аталатын витаминді – минералды кешен) қосу процесі.

Фортификациялау дегеніміз – ұнды витаминдер және микроэлементтермен байыту, ұнтақтау процесінде витаминдер мен минералдарды ұнға қосу процесі, бұл өнімнің жоғары сапасы мен тағамдық құндылығына күшейтеді.

Бұл өнімнің сапасы мен коректілік құндылығын арттыруға мүмкіндік береді. Фортификация процесі кезінде жоғары және бірінші сұрыптағы бір тонна ұнға 150 грамм темір, мырыш қоспалары, фольй қышқылы мен В-тобының дәрумендері қосылады. Қоспа элементтері тағамдық сапаны арттырады, бірақ ұнның органикалық және басқа да қасиеттеріне әсерін тигізбейді және жанама құбылыстарды туғызбайды.

Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асырылатын жоғары және бірінші сұрып бидай ұны темір және витаминдермен міндетті түрде байытылады. Біздің еліміз үшін ұн қазақ тамақтану академиясының арнайы жасалған дәрумендер және микроэлементтермен байытылады. Премикте темірден басқа фольй қышқылы, мырыш және В-тобының дәрумендері бар. Темір және фольй қышқылы бізді және туысқандарымызды анемиядан, ана өлімі және туа біткен деформациядан, инфаркт пен инсульттен қорғауға көмектеседі.

Фортификацияланған ұн және ол ұннан пісірілген тағамдар артық шығынсыз халықтың денсаулығын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді. Ұнды дәрумендер мен микроэлементтермен байыту олардың тапшылығы туралы ескертеді, қалыпты физикалық және психикалық жұмыс қабілеттілігі сақталуына ықпал етіп, халықтың ауруы мен өлімін азайтады.

Ұн немесе ұн өнімдерін таңдағанда, оның сұрыпы мен сапасына ғана емес, сонымен бірге, адам денсаулығына қажетті дәрумендер мен минералды кешендермен нығайтылғандығына да назар аудару керек. Өйткені ұн сатып алғанда адамдардың көбі оның пайдалы қасиеттері туралы ойламайды.

Халықтың денсаулығын нығайту үшін тамаққа фортификацияланған ұнды қолдануды ұсынамыз.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

● БҮГІН - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ПОЧТА КҮНІ

МІНДЕТІМІЗ – МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Күнделікті қоғамдық өміріміздегі тоқтаусыз қозғалыстың шегі жоқ екеніне бүгінгі тыныс-тіршілігімізден айқын көзіміз жетіп отыр. Осы арада халықтың қамы үшін қалтқысыз қызмет етіп жатқан айтулы қызмет орындарының атқарып жатқан жұмыстары ауызға аларлық. Соның бірі-бүгінгі төл мерекелеріне орайлас келіп отырған, облыс көлемінде ойдағыдай қызметтерімен абырой аркалап жүрген Қарасай аудандық «Қазпочта» мекемесі. Осыған байланысты аталған мекеменің басшысы Ерболат Сәлімбайұлы Сарқұловпен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Ерболат Сәлімбайұлы, сіз басқарып отырған ұжымның облыс көлемінде алдыңғы қатарда келе жатқанын жақсы білеміз. Үстіміздегі жылғы еңбек көрсеткіштеріңіз қандай деңгейде болды? Әңгімеңізді осыдан бастасақ.

– Өте орынды сұрақ. Өйткені, қандай кіші-кірім ұйымның болса да өлшемі атқарған жұмыстарына қарай бағаланады. Бұл жағынан келгенде біздің ұжымның қалысар жері жоқ. Олай дейтінім, жылдық көрсеткіштер бойынша әрқашан да алғы шептен көрініп келеміз. Бүгінгі күні сегіз айлық көрсеткішті де

көрсетесіздер?

– Почтаның қызметі күрделі жағдайда жүретінін халықтың арасында екінші бірі біле бермейді. Бұлай болатынын күнделікті жұмысымыздан көріп жүрміз. Соның нәтижесінде игілікті жұмыстарымызды ілгерілетіп, іс жүзіне асырудамыз. Халыққа екі қызмет түрі бойынша қызмет көрсетеміз. Оның біріншісі қаржылық қызмет жағынан болса, екіншісі хат-хабар және адамдар арасындағы жолданып жататын сәлемдеме мен жазылу баспасы деп аталады. Жазылу баспасына аздаған түсініктеме бере кетейін. Өйткені, бұл



– Осы жерде қызмет бабына қарай сіздер ен қуатты күш техника саласына аса мұқтажсыздар. Бұл жағынан ортаға салар ойыңыз қандай?

– Расында да біздің жұмыстың түйіні осыған тірелетінін қалай жасырайын? Жоғарыда айтып кеткен қызмет түрлерінің басым көпшілігі техника арқылы атқарылады. Қажетті техникалардың тоқтаусыз жүруі біздегі проблема атаулыны шешуге жол ашады. Осы жерде мына бір жайды ай-

– «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген аталы сөз бар. Осы тұрғыдан алғанда, сіздің почта ұжымыңызда ортақ мақсат жолында жан-тәнімен жақсы қырынан көрініп жүрген мақтаулылар жөнінде кімдерді құрметпен ауызға алар едіңіз?

– Еңбек ұжымымыздың ел алдында еңсесін тіктеп ұстап жүруінің өзі біз үшін үлкен абырой деп санаймын. Ұжымдағы әрбір адам өз жұмыстарына әрдайым жауапкершілік тұрғысынан қарайды. Олардың ішінде елгезектігімен, еңбекқорлығымен көзге түсіп жүргендер аз емес. Мәселен, өзімнің орынбасарым Сәуле Мұратбекова, бас есепшіміз Қарлығаш Нұржанова, операторлар Жадыра Жылгелдиева, Ардақ Отынтаева, Рабия Сабаншиева, Алина Мамытбекба, Айнұр Дүйсенбетова, Танаш Донсизоваларды, хат тасушылардан ерлі-зайыптылар Нұрман және Нұргүл Ысқақоваларды, Ира Кокотина, Наташа Корпенко, Жанар Сабитова, Дилбар Құсбергенова, Маргарита Стадникова, Зейнат Асыратоваларды ерекше мақтан тұтамын.

– Жыл болса аяқталып келеді. Алдағы жоспарларыңыз қандай?

– Кімнің болса да келер күндер мен жылдардан күтері көп. Сондықтан да біздің жұмысымыз жоспарсыз болған емес. Осы жылды жемісті аяқтап шығу-басты мақсатымыз. Содан кейінгі келер жылға да артар үмітіміз жетерлік. Соны ойдағыдай орындап отырсақ, біздің мақсатымызға жеткеніміз.

– Әңгімеңізге көп рахмет!

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
ардагер-журналист.
Қарасай ауданы.



көңілден шығатындай аяқтап отырымыз. Оны тізбелеп айтудың өзі-ұзақ әңгіме. Жыл да аяқталып келеді. Біз көрінген биіктен ешқашан да төмендеп көрген емеспіз. Жұдырықтай жұмылған ұжымымыз жылды ұйымшылдық үлгісімен аяқтайды деген берік сенімдеміз.

– Сіздер халыққа қандай қызмет түрлерін

қызмет халықтың құлағына тосын естілуі мүмкін. Ол қысқаша айтқанда, күнделікті баспасөз саласындағы әлемдік, республикалық, облыстық, аудандық газет-журналдарға халықтың жазылу талап-тілектерін және өтініштерін орындау болып табылады. Осы қызмет түрлерін біз шаш етекпен келетін қиындықтарына қарамай жүйелі түрде жүргізіп келеміз.

тқым келеді. Бізде және біраз аудандарда қолдағы бар автокөліктердің біразы істен шығып қалуда. Оның себебі жоқ деп айта алмаймын. Ауадай қажетті техникаларымыздың біразы ескіріп кеткен. Соңғы уақыттарда жақсы жаңалықтың жаршысы болып келеміз. Қатардағы техникаларымыздың жаңаруына қол жеткізуіміздің өзі-біз үшін үлкен қуаныш. Біз осыны дәтке қуат санаймыз.

● АКЦИЯ

Жуырда Шалкөде ауылында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында республикалық «Ақ орамал» акциясы шеңберінде аналар форумы өтті. Форумның басты мақсаты-ұлттық дәстүрлерімізді, отбасы құндылықтарын, ананың қоғамдағы алар орны туралы насихаттау.

Аталған аналар форумының алғашқы сөз кезегін аудан әкімінің орынбасары Жақсылық Жанарбек Жантөреұлы алды. «Ақ орамал» акциясы аясында еңбек етіп, ұлттық дәстүрімізді насихаттап жүрген ақ жаулықты аналарымызға аудан әкімінің Алғыс хаты мен сый-сияпаттарын табыс етті. Келесі кезекте сөз тізгінін алған аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Медетқан Абилов жалпы аналардың қадір-қасиеті туралы әңгіме өрбітті. Аудандық аналар кеңесінің төрайымы Балжан Омарова мінберге көтеріліп, аталған акцияның міндеті мен маңыздылығына тоқталды. Форумда отбасы құндылықтары, ұлттық дәстүр мен ананың қоғамдағы рөлі жайлы тағылымды ойлар айтылып, ізгі бастамалар көтерілді.

Көпшілік қауым жиналған «Ақ орамал» акциясы шеңберіндегі аналар форумы Шалкөде ауылдық округінің өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты.

Д. ЖАҢАСІЛ.
Шалкөде ауылы.

АҚ ОРАМАЛ –
БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

